



# Жаһандық желі Интернет





Тарихи дерек



Интернет желісі



Адрестелуі



Анықтамалық



Тест



3D кітап



Қосымша



# Тарихи дерек

*Internet желісі 1970 жылдардың басында АҚШ қорғаныс министрлігінің ARPANET компьютерлік жүйесінен пайда болды. Бұл ARPANET желісі соғыс жағдайындағы байланыс желісі болып еді.*

*Интернет Arpanet компьютерлік желісінен бастайды. Бұл желі оқу және ғылыми-зерттеу орталықтарындағы, соғыс өнеркәсібі комплексінің ұйымдарындағы ЭЕМ-ды біріктірді. Басында желі төрт компьютерден тұрды. Бірақ бұл идея сәтті болғандықтан, желінің топтарының - компьютерлік орталықтарының саны тез өсті. 1972 жылға қарай тораптар саны әжептәуір өсті. Енді қырық компьютерлік орталықтар өзара электрондық поштамен алмасып, бірнеше жүз және мың километр қашықтықтағы машиналармен жұмыс жүргізетін және деректері бар файлдарды жібере алатын болды.*

*Internet желісі – бүкіл әлемдік желілердің желісі.*



**Internet** - миллиондаған компьютерлерді бір алып желіге біріктіретін, ақпаратқа шексіз қол жеткізу және түрлі амалдармен қатынас жасау мүмкіндігін ұсынатын дүние жүзіндегі ең үлкен ғаламдық желі.

Internet – сөзі тікелей мағынасында халықаралық желі дегенді білдіреді. (INTERnational NETwork). Internet ең соңғы жаңалықтарды оқып, ауа райы туралы мәлімет алуға, қандай да бір тауарға не ұшақ билетіне тапсырыс беруге, аз ғана уақыт аралығында электронды пошта арқылы хабарламалар алмасуға, бейнеконференциялар өткізуге және тағы да басқа көптеген мүмкіндіктер ұсынады. **Internet мүмкіндіктері төмендегідей:**

- Web беттерінен және ftp серверлерінен керекті мәліметтерді іздеу;
- Электрон почта, жаңалықтар тақтасы, чат-серверлер, ICQ, mail agent және аудио-видеоконференциялар сияқты байланыс құралдарынан пайдалану;
- Жұмыс іздеу, қызмет ұсыну және т.б.





# Интернетке қосылу үшін не керек?

- Компьютер
- Модем
- Телефон жүйесі
- Бағдарламалық қамтылу
- Провайдер



.com  
http  
@



.com  
http  
@



Провайдер



Компьютер

Модем

Провайдер



# Модем


**Модем** - компьютерлерге телефон желілері немесе байланыс желілері арқылы өзара мәлімет алмасуға мүмкіндік беретін құрылғы. Модемнің негізгі сипаттамасы – мәліметтерді жеткізу жылдамдығы (бит/секунд). Недәуір кең тарағандары – стандартты Dial-Up модемдер (56 кбит/сек дейін), DSL модемдер (128 кбит/сек дейін) және кабельдік жолдарға арналған модемдер (30 мың кбит/сек дейін). Модемдер ішкі және сыртқы болады.

**Провайдер** – бұл ұйымдар мен жеке тұлғаларға интернет қызметтерін ұсынатын компания. Провайдер ретінде жекеменшік арнайы фирма-лар да, ірі телефон компаниялар да қызмет істей алады.




# Веб браузердің қызметі

Веб-браузер – бұл веб-бетінің мәліметтерін сіздің компьютеріңіздің бейне бетіне шығаруды қамтамасыз ететін, интернет қор көздерін қарауға арналған бағдарлама. Windows операция системасының құрамына Internet Explorer браузері кіреді. Веб-беттер мәтіндік, графикалық, дыбыстық, анимациялық және видео түріндегі мәліметтерді көруге мүмкіндік береді.



http  
www  
@








**URL** (Universal Resource Locator) - ресурстардың әмбебап адресі;  
**HTTP** (Hyper Text Transfer Protocol) – гипермәтінді мәліметтерді алмасу протоколы.

**www** (World Wide Web) – бүкіләлемдік тор, әдетте веб деп аталады, интернет жабдықтары арқылы жеткізілетін құжаттардан тұрады. Web – бұл веб-беттер мен веб-тораптар жиынтығы.

**daryn** - сайт атауы

**kz** (домен) –географик орналасуы



.com  
http  
www  
@



# Жоғарығы сатыдағы домендердің кейбір атаулары

<i>Ұйымдық тиістілігі бой.</i>	<i>Мекеме түрі</i>	<i>Географик</i>	<i>Аймақтық белгісі бойынша</i>
com	Коммерциялық	ca	Канада
edu	Білім беру мекемесі	de	Германия
gov	Үкіметтік	jp	Япония
int	Халықаралық	ru	Россия
mil	Әскери	kz	Қазақстан
net	Компьютерлік желі	uz	Узбекистан
org	Коммерциялық емес	us	США



<a href="http://daryn.kz"><u>daryn.kz</u></a>	Қазақстан Республикасы “Дарынды балалар” бірлестігінің ресми сайты
<a href="http://edu.gov.kz"><u>edu.gov.kz</u></a>	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми сайты
<a href="http://akorda.kz"><u>akorda.kz</u></a>	Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтің ресми сайты
<a href="http://google.kz"><u>google.kz</u></a>	Google ақпараттық – іздеу порталының сайты
<a href="http://khabar.kz"><u>khabar.kz</u></a>	Қазақстан Республикасы «Хабар» телеарнасының ресми сайты
<a href="http://kcell.kz"><u>kcell.kz</u></a>	Қазақстан Республикасының “Kcell” қалта телефон байланысының ресми сайты
<a href="http://mail.ru"><u>mail.ru</u></a>	Ресей Федерациясының тегін электрон пошта қызметі
<a href="http://rambler.ru"><u>rambler.ru</u></a>	Ресей Федерациясының Rambler ақпараттық-іздеу порталының сайты
<a href="http://bankreferatov.ru"><u>bankreferatov.ru</u></a>	Студенттер және оқушыларғы арналған дайын рефераттар, курстық жобалар және дипломдық жұмыстарының Ресей Федерациясына тиісті қор көзі
<a href="http://kazref.kz"><u>kazref.kz</u></a>	Студенттер және оқушыларғы арналған қазақша дайын рефераттар, курстық жобалар және дипломдық жұмыстарының қор көзі



*Назарларыңызға  
рахмет!!!*